# Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 қарашадағы N 325-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 16 қаңтардағы N 5-ө Өкімі

"Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын 2008 жылға дейінгі кезеңде еуропалық авиация талаптарына көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 қарашадағы N 325-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын 2008 жылға дейінгі кезеңде еуропалық авиация талаптарына көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 2-жолдың 4-бағанындағы "ККМ" деген аббревиатура "ККМ (жинақтау), Біліммині" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірлері 4, 6-жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| "4. | "Азаматтық авиация академиясы" АҚ-ны дамыта отырып, қызметін қамтамасыз ету | Азаматтық авиация академиясында авиация кадрларын даярлаудың, қайта даярлаудың еуропалық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті материалдық-техникалық, оқу және оқу-әдістемелік ресурстарды сараптамалық бағалау. Батыстың авиациялық техникасына арналған мамандар | ККМ, Біліммині, Азаматтық авиация академиясы | 2006 жылғы 31 желтоқсанға дейін | 122. 255 Республикалық бюджет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | даярлау үшін оқу және зертханалық үй-жайларды еуропалық талаптарға сәйкес келтіру, оқу және компьютерлік бағдарламалар, жаттығу кешендерін сатып алу. Шетелдік жетекші мамандардың ККМ ААК қызмет-керлерін және Азаматтық авиация академиясының оқытушыларын оқытуы және сертификаттауы. ICAO, EASA (JAA), МАК және ТМД елдері ОЖО қауымдастықтары өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Рес-публикасында Европалық авиация талаптарын енгізу жөнінде семинар өткізу. | | "; |
| "6. | Азаматтық авиация ұйымдарына ICAO, EASA, МАК және ТМД елдері ОЖО қауымдас- | Семинар-кеңес | Біліммині, ККМ Азаматтық авиация академиясы | 2007 жылғы сәуір | Талап етілмейді |

тықтарының тәжірибесін ескере отырып, JAR енгізу кезеңдері туралы хабарлау және онымен таныстыру. ";

Ескертпе мынадай мазмұндағы сөзбен және аббревиатуралармен толықтырылсын:
"Біліммині - Білім және ғылым министрлігі
МАК - Мемлекетаралық авиация комитеті
ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ОЖО - Оқу-жаттығу орталығы
ICAO - Халықаралық азаматтық авиация ұйымы".

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК